

Анықтама

Іс-шара атауы: Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті өкілдерімен кәсіби бағдар беру кездесуі

Күні: 08.04.2026 жыл

Қатысушылар: 11-сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушыларға жоғары оқу орнына түсу мүмкіндіктері мен педагогикалық бағыттағы білім беру ерекшеліктері туралы ақпарат беру, кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу

Қысқаша мазмұны:


2026 жылғы 8 сәуір күні мектебімізде 11-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру кездесуі өткізілді.

Іс-шараға Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің педагогикалық институт директоры Ақбота Тастанбекқызы Бексеитова қатысып, оқушыларға жоғары оқу орнына түсу мүмкіндіктері мен педагогикалық бағыттағы білім беру ерекшеліктері туралы толық ақпарат ұсынды.

Кездесу барысында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды.

Қорытынды:

Кездесу мазмұнды және пайдалы өтті. Оқушылар жоғары оқу орны туралы толық ақпарат алып, болашақ мамандық таңдауға бағыт-бағдар алды.



ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕНА 14 АПРЕЛЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы: Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледж өкілдерімен кәсіби бағдар беру кездесуі

Күні: 14.04.2026 жыл

Қатысушылар: 9-сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушыларға колледжге түсу талаптары, мамандық түрлері және оқу үдерісінің ерекшеліктері туралы ақпарат беру, кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу

Қысқаша мазмұны:


2026 жылғы 14 сәуір күні мектебімізде 9-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру кездесуі өткізілді.

Іс-шараға Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжінің өкілдері қатысып, оқушыларға колледжге түсу талаптары, мамандық түрлері және оқу үдерісінің ерекшеліктері туралы толық ақпарат берді.

Кездесу барысында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, толық жауаптар алды.

Қорытынды:

Кездесу мазмұнды әрі пайдалы өтті. Оқушылар колледж туралы қажетті ақпарат алып, болашақ мамандық таңдауға бағыт-бағдар алды.



ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕНА 14 АПРЕЛЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы: «Мамандық әлеміне саяхат» кәсіби бағдар беру тренингі

Күні: 15.04.2026 ж.

Қатысушылар: 9 «Ә» сынып оқушылары

Мақсаты:

- Оқушыларға түрлі мамандықтар туралы мағлұмат беру;
- Олардың қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағыт беру;
- Болашақ мамандықты саналы таңдауға ықпал ету.

Қысқаша мазмұны:


15 сәуір күні 9 «Ә» сыныбында «Мамандық әлеміне саяхат» атты кәсіби бағдар беру тренингі өткізілді. Тренинг барысында оқушылар топтық жұмыстарға белсенді қатысып, «Жасырылған мамандықты тап», «Ең, ең...», «Әріпті мамандық» ойындары арқылы әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктерін талдады. Сонымен қатар, өз ойларын ортаға салып, шығармашылық қабілеттерін көрсетті және сыни ойлау дағдыларын дамытты.

Қорытынды:

Іс-шара барысында оқушылар әртүрлі мамандықтардың мазмұны мен ерекшеліктерін тереңірек түсініп, өз қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға мүмкіндік алды. Тренинг олардың кәсіби бағдарын айқындауға және болашақ мамандықты саналы таңдауға деген ынтасын арттырды.

Ұсынымдар:

- Оқушылардың қызығушылықтарына сәйкес мамандықтар туралы қосымша ақпарат беру;
- Кәсіби бағдар беру бағытындағы тренингтерді жүйелі түрде жалғастыру;
- Түрлі мамандық иелерімен кездесулер ұйымдастыру;
- Оқушылардың сыни ойлау және талдау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмаларды көбейту.



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 22 АПРЕЛЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN



Анықтама

Іс-шара атауы: А. Мырзахметов атындағы университет өкілдерімен кәсіби бағдар беру кездесуі

Күні: 20.04.2026 жыл

Қатысушылар: 11-сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушыларға университеттің білім беру бағдарламалары, оқуға түсу шарттары және грантқа түсу мүмкіндіктері туралы ақпарат беру, кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу


Қысқаша мазмұны:

2026 жылғы 20 сәуір күні А. Мырзахметов атындағы университет өкілдерімен кәсіби бағдар беру кездесуі өтті.

Кездесу барысында білім беру бағдарламалары, оқуға түсу шарттары және грантқа түсу мүмкіндіктері туралы толық ақпарат берілді.

Қорытынды:

Кездесу мазмұнды әрі пайдалы өтті. Оқушылар университет туралы қажетті ақпарат алып, болашақ мамандық таңдауға бағыт-бағдар алды.



ПУБЛИКАЦИЯ РАЗМЕЩЕНА 21 АПРЕЛЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN

Анықтама

Іс-шара атауы: Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінде өткен Ашық есік күні

Күні: 05.05.2026 жыл

Қатысушылар: 8 және 9-сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушыларды колледждің білім беру мүмкіндіктерімен, материалдық-техникалық базасымен таныстыру және кәсіби бағдар беру

Қысқаша мазмұны:

2026 жылғы 5 мамыр күні 8 және 9-сынып оқушылары Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі ұйымдастырған Ашық есік күніне қатысты.


Іс-шара барысында оқушыларға колледждің материалдық-техникалық базасы таныстырылып, арнайы экскурсия жүргізілді. Оқушылар оқу кабинеттері мен заманауи жабдықталған аудиторияларды аралап, білім беру үдерісі туралы толық ақпарат алды.

Сонымен қатар, ағылшын тілі кафедрасы дайындаған театрландырылған қойылым көрсетіліп, білім алушылар ерекше әсер алды. Қойылым арқылы оқушылар колледждің шығармашылық және кәсіби бағыттағы жұмыстарымен танысты.

Қорытынды:

Ашық есік күні оқушылар үшін танымдық әрі мазмұнды өтті. Іс-шара барысында білім алушылар колледждің оқу мүмкіндіктерімен, білім беру ортасымен және студенттік өмірімен жақынырақ танысты.

Аталған іс-шара оқушылардың болашақ мамандық таңдауға деген қызығушылығын арттырып, кәсіби бағдар беру жұмыстарының тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, оқушылар өздерінің болашақ оқу бағытын анықтауға қажетті мәліметтер алып, мамандық таңдауға байланысты пайдалы ақпараттармен қамтылды.



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 14 МАЙ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN



Анықтама

Іс-шара атауы: Шоқан Уәлиханов атындағы университетте өткен Ашық есік күні

Күні: 25.04.2026 жыл

Қатысушылар: 11-сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушыларға жоғары оқу орнының білім беру мүмкіндіктері туралы ақпарат беру, кәсіби бағдар жүргізу және болашақ мамандық таңдауға бағыт беру

Қысқаша мазмұны:

2026 жылғы 25 сәуір күні Шоқан Уәлиханов атындағы университет базасында Ашық есік күні өтті. Іс-шараға мектебіміздің 11-сынып оқушылары қатысып, болашақ мамандықтарына қатысты маңызды ақпарат алды.


Университет тарапынан концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, қатысушыларға студенттік өмірдің белсенді әрі шығармашылық қырлары таныстырылды. Сонымен қатар, ашық микрофон алаңында талапкерлер өз ойларын еркін білдіріп, сұрақ-жауап форматында көкейлеріндегі сұрақтарға жауап алды.

Іс-шара аясында мамандықтар жәрмеңкесі өткізіліп, әр факультет өз бағыттарын таныстырды. Оқушылар оқу бағдарламалары, грант мүмкіндіктері және студенттік өмірдің ерекшеліктері туралы толық ақпаратпен танысты.

Қорытынды:

Ашық есік күні оқушылар үшін мазмұнды әрі пайдалы өтті. Іс-шара барысында білім алушылар жоғары оқу орнының білім беру жүйесімен, факультеттерімен және студенттік өмірімен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, оқушыларға кәсіби бағдар беріліп, болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға қажетті ақпараттар ұсынылды. Іс-шара оқушылардың мамандыққа деген қызығушылығын арттырып, өз болашағын жоспарлауға оң әсерін тигізді.



ВИДЕО REELS ОПУБЛИКОВАНО 26 АПРЕЛЬ 2026 Г.

АВТОР: KOKSHETAU_DARYN



Анықтама

Іс-шара атауы: «11-сынып оқушыларының мамандық таңдау мәселесі бойынша ата-аналарға кеңес беру»

Өткізу түрі: онлайн ата-аналар жиналысы

Өткізілген күні: 17.04.2026ж

Өткізу платформасы: ZOOM

Қатысушылар: 11-сынып оқушыларының ата-аналары

Мақсаты: 11-сынып оқушыларының кәсіби бағытын айқындау, ата-аналарға мамандық таңдау, жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндіктері, грантқа өту шарттары және баламалы білім беру бағыттары бойынша кеңес беру.

Іс-шара барысында әрбір оқушының жеке білім нәтижелері, қызығушылықтары мен таңдаған мамандық бағыттары талқыланды. Ата-аналарға оқушылардың таңдаған мамандықтары бойынша жоғары оқу орындарына түсу мүмкіндіктері, конкурстық балл шектері және оқу грантына түсу ықтималдылығы туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар әр оқушыға ұсынылған университеттер тізімі, оқу ақысының шамаменгі құны және баламалы білім беру бағдарламалары қарастырылды. Кейбір жағдайларда грантқа түсу мүмкіндігін арттыру мақсатында ұқсас немесе жақын мамандық бағыттары бойынша қосымша нұсқалар ұсынылды.

Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға толыққанды жауап беріліп, мамандық таңдаудағы маңызды факторлар түсіндірілді. Оқушының қабілеті, қызығушылығы және еңбек нарығындағы сұраныс ескеріле отырып, кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізілді.

Қорытындысында ата-аналарға алдағы түсу емтихандарына дайындық пен мамандық таңдау бойынша жеке қолдау жалғасатыны айтылды. Онлайн жиналыс конструктивті форматта өтіп, барлық қатысушылар тарапынан оң бағаланды.

The screenshot shows a Zoom meeting interface. On the left, a presentation slide titled "ҰБТ НӘТИЖЕЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ МАМАНДЫҚ ПЕН ЖОО ТАҢДАУ" (Career and Higher Education Selection Based on UBT Results) is displayed. On the right, a grid of participants is visible. The main content area shows a table with information about two students: Аденбай Айсулу and Умбет Гүлмәз.

Аденбай Айсулу Наурыз ҰБТ баллы 105	Умбет Гүлмәз Наурыз ҰБТ баллы 104
Бейімдік пәндері: Биология - Жамбыл	
Таңдалған мамандығы: Жалпы медицина	
Грант саны: 400	
Ең төменгі шекті балл: 112	
Таңдалған оқу орны ММА - Астана - 2 700 000 теңге КМҰ - Қарағанды - 1350000 тг	Оқу ақысы төмен университеттер Шыңғар Университеті - Қостанай - 950000тг
Фармация, шекті балл - 105	
Педиатрия - 105	
Медино-профилактическое дело - 100	

The screenshot shows a Zoom meeting interface. On the left, a presentation slide titled "Садықова Томирис" is displayed. On the right, a grid of participants is visible. The main content area shows a table with information about two students: Садықова Томирис and Қаратай Саят.

Садықова Томирис Бейімдік пәндері: Биология-география Наурыз ҰБТ баллы 72 Таңдалған мамандығы: Логопед-диффолог (ВО20 Арнайы педагогика) Грант саны: 540 Ең төменгі шекті балл: 80	Қаратай Саят Бейімдік пәндері: Құрылым - дүниежүзі тарихы Наурыз ҰБТ баллы 64 Таңдалған мамандығы: Спортолимпияшчы Грант саны: - Ең төменгі шекті балл: -
Таңдалған оқу орны Гумалов атындағы Еуропалық университеті - Астана - 1750000/1600000тг	Таңдалған оқу орны Академия КНБ РК - Астана Сығандт Нармалыбетов атындағы Құрылым, аскерлерінің Әскери институты
Оқу ақысы төмен университеттер ОҚУ им. М. Қошымбаева (Қазақстан Университеті) - Петропавл - 400000	Оқу ақысы төмен университеттер Кокшетау университеті им. Ш. Уәлиханова - Кокшетау - 850000 тг ОҚУ им. М. Қошымбаева (Қазақстан Университеті) - Петропавл - 400000
Вілей Маршук атындағы Павлодар Педагогикалық Университеті - 697000 тг	